**Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің ішкі тәртіптеме қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 17 қарашадағы № 819 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 19 желтоқсанда № 9984 тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Қылмыстық-атқару кодексінің 16-бабының 1-бөлігі 16) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің ішкі тәртіптеме қағидалары бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2012 жылғы 29 наурыздағы № 182 бұйрығының 1-тармағы 4) тармақшасының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2012 жылғы 8 мамырдағы № 7630 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінің 2012 жылғы 31 қазандағы, 2012 жылғы 7 карашадағы № 375-376, 383-384 (27194-27195, 27202-27203, 27204-27206), 2012 жылғы 8 қарашадағы № 388-389 (27207-27208) сандарында жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті (Б.М. Бердалин):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және ресми бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің www.mvd.gov.kz интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары полиция полковнигі Б.Б.Бисенқұловқа және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетіне (Б.М. Бердалин) жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі, бірақ 2015 жылғы 1 қаңтардан ерте емес.

*Министр*
*полиция генерал-лейтенанты* *Қ. Қасымов*

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2014 жылғы 17 қарашадағы
№ 819 бұйрығымен бекітілген

**Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің ішкі тәртіптеме қағидалары**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 05.10.2018 № 694 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің ішкі тәртіптеме қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің (бұдан әрі – ҚАК) 16-бабы 1-бөлігінің 16) тармақшасына сәйкес әзірленді және жазаларды өтеу мен жазаларды орындау шарттарын қамтамасыз ету мақсатында қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің (бұдан әрі – мекеме) ішкі тәртіптемесін айқындайды.

2. Осы Қағидалар:

1) бас бостандығынан айыруға сотталғандарды мекемеге қабылдау тәртібін;

2) сотталғандар мен мекемелерперсоналыныңөзарақарым-қатынасын;

3) мекемелердегікүнтәртібін;

4) бас бостандығынан айыруға сотталғандардың тамақ өнімдерін жәнебірінші кезекте қажетті заттарды сатыпалуын, сотталғандардың сауқат, сәлемдемелер мен бандерольдер алуын, қосымша қызметтер көрсетуді, мекемелерде пайдалануға тыйым салынған заттар мен құжаттарды алыпқою тәртібін;

5) бас бостандығынанайыруға сотталғандардың хат жазысуларын, ақшалай аударымдарды жіберуін және алуын, бас бостандығынан айыруға сотталғандардың кездесулерін, бас бостандығынан айыруға сотталғандардың телефон арқылы сөйлесулерін;

6) сотталғандарға мекемелерден тыс жерге шығуларды ұсыну тәртібін;

7) сотталғандардың қатаң жағдайларда жазасын өтеу тәртібі, сотталғандарды тәртіптік изоляторларда, жалғыз адамдық камераларда және уақытша оқшаулау үй-жайларында, қауіпсіз орында, мекемелердегі камераларда ұстау тәртібін;

8) өмір бойына бас бостандығынан айыруға және өлім жазасы түріндегі жазасы кешірім жасау тәртібімен немесе өлім жазасын жоятын заңның қолданылуына байланысты бас бостандығынан айыруға ауыстырылған сотталғандардың (бұдан әрі – ӨББА-ға және ӨЖББАА-ға сотталғандар), сондай-ақ қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерде ұсталатындардың жазасын өтеу ерекшеліктері;

9) қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерде ұсталатын сотталғандардың жазаны өтеу ерекшеліктерін қамтиды;

10) мекемелерде орналасқан медициналық ұйымдарда ұсталатын сотталғандардың жазасын өтеу ерекшеліктері.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 29.09.2020 № 652 ( алғаш ресми жариялаған күннен бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР

Ішкі істер министрінің 16.05.2022 № 342 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрықтарымен.

**2-тарау. Бас бостандығынан айыруға сотталғандарды мекемелерге қабылдау тәртібі**

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 05.10.2018 № 694 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Сотталғандарды мекемеге қабылдауды мекеме бастығының кезекші көмекшісі ( бұдан әрі – кезекші) арнайы бөлім мен мекемеде орналасқан медициналық ұйым қызметкерлерінің қатысуымен мекеменің бақылау-өткізу пунктінде жүзеге асырады. Қызметкерлерді үстеме жұмыстарға тарту Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 16.05.2022 № 342 ( 01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. ӨББА-ға және ӨЖББАА-ға сотталғандарды қабылдауды мекеме басшылығы, кезекші, жедел және режим бөліністерінің қызметкерлері және медицина қызметкері жүзеге асырады. Сотталғандардың тарапынан заңға қайшы іс-әрекеттерді болдырмау мақсатында резерв тобының бақылаушылары қатысады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.05.2022 № 342 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Сотталғандарды мекемеге қабылдау уақытында кезекші сотталғандардың жеке істері бар қағаз пакеттердің тұтастығын, сондай-ақ мастикалық мөрлерінің тұтастығы мен бар-жоғын тексереді, келген сотталғандарды жеке іс құжаттарымен (жеке басын куәландыратын құжаттар, мамандығының бар-жоғы туралы куәлік, медициналық картасы және жеке ісі бойынша басқа да құжаттар) салыстырады, келген сотталғандардың киімінің маусымға сәйкес келуін тексереді. Қағаз пакет немесе мастикалық мөр бүлінген жағдайда қарауыл бастығымен бірлесіп акті (еркін нысанда) жасайды.

Сотталғанның фотосуреті, сауалнамалық деректері жеке ісі бойынша анықтамамен сәйкес келмеген, мекемеге келген сотталғандардың маусым бойынша киімі, жеке істерінде құжаттары, денсаулық жағдайы туралы медициналық қорытынды болмаған жағдайда комиссия осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке істе құжаттардың барын тексеруге арналған салыстыру актісін жасайды және оны шаралар қабылдау үшін инстанциялар бойынша жолдайды.

Жеке істе сотталғанды тәртіптік изоляторға немесе жалғыз адамдық камераға қамау туралы материалдар болған жағдайда ол көрсетілген үй-жайға тәртіптік жаза өтелмеген мерзімге ауыстырылады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 31.08.2016 № 872 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген деректерді тексергеннен кейін сотталғандар кезекшінің және бақылаушылар жасақшасының ілесіп жүруімен карантин бөлімшесіне жөнелтіледі (ӨББА-ға және ӨЖББАА-ға сотталғандарға олардың мекеме объектілерінің орналасқан жерін есте сақтау мүмкіндігін болдырмау мақсатында алдын ала көздеріне селдір емес матадан таңғыш кигізеді), оларға толық тінту, ал оларға тиесілі заттарға қарап тексеру жүргізіледі.

Толық тінту және заттарды қарап тексеру жүргізу алдында сотталғандарға өздерінде және жеке заттарында бар осы Қағидаларда көзделмеген заттарды, бұйымдарды, құжаттар мен тамақ өнімдерін ерікті түрде тапсыру ұсынылады. Көрсетілген тыйым салынған заттар ерікті түрде тапсырылған жағдайда сотталғандарға тәртіптік жазалау шаралары қолданылмайды.

Сотталғандар осы қағидада көзделмеген заттар мен бұйымдарды өз еркімен тапсырған жағдайда оларға тәртіптік жазалау шаралары қолданылмайды.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.05.2022 № 342 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Медициналық қызметкер дене жарақаттарын, тері және жұқпалы ауру белгілерін анықтау мақсатында сотталғандарды сыртқы қарауын өткізеді. Дене жарақаттарын анықтау фактісі туралы жазбаша түрде прокурорға дереу хабарланады. Бұдан әрі сотталғандарды шомылдыру және толық санитарлық тазарту жүргізіледі. Бұдан кейін сотталғандар карантин бөлімшесіне орналастырылады, онда оларға, сондай-ақ ӨББА-ға және ӨЖББАА-ға сотталғандарға ұзақтығы 15 (он бес) тәулікке дейін медициналық бақылау белгіленеді, медициналық тексеру жүргізіледі. Карантин бөлімшесінде болу кезеңінде сотталғандар жазаны өтеудің дағдылы жағдайында болады. Мекеме психологтары жаңадан келген сотталғандардың жеке басын зерделеу, оларды жаңа жағдайға бейімдеу бойынша жұмыс жүргізеді. Өзіне-өзі қол жұмсауға, өз денесіне қасақана қандай да бір зақым келтіруге және басқа да заңға қайшы әрекеттерге бейім адамдар анықталады. Зерделеу нәтижелері бойынша жаңадан келген сотталғанның әрқайсысына психологиялық портрет жасалады, мекеменің тиісті қызметіне олармен жұмыс істеу бойынша ұсынымдар енгізіледі. Осы кезеңде жұқпалы аурумен ауыратындар анықталған жағдайда, олар оқшауландырылады, мекемеде эпидемияға қарсы іс-шаралар кешені жүргізіледі.

Сотталғанды карантин бөлімшесінен тәртіптік изоляторға, жалғыз адамдық камераға немесе мекемеде орналасқан медициналық ұйымға стационарлық жағдайда медициналық көмек алу үшін ауыстырған жағдайда осы үй-жайда ұсталуы карантин бөлімшесінде болу мерзіміне есептеледі.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.05.2022 № 342 ( қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

8. Карантин бөлімшесінде болған уақытта сотталғандарға ҚАК және осы Қағидаларға сәйкес белгіленген жаза өтеу тәртібі туралы және шарттары, өздерінің құқықтары және міндеттері туралы жазбаша түрде қол қойғыза отырып, ақпарат ұсынады, жазаны өтеу тәртібін бұзғаны үшін жауапкершілік туралы ескертіледі. Оларға мекемеде қадағалаудың, бақылаудың және күзеттің техникалық құралдарын, "Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда дене күшін, арнайы құралдарды және қаруды қолдану, ал сотталғандардың топтық бағынбаушылығы және жаппай тәртіпсіздігі жағдайында мекемеде ерекше жағдайлар режимін енгізу туралы түсіндіріледі.

Сотталғандардың жазаны өтеу тәртібін бұзуының алдын алу және жолын кесу, мекеме әкімшілігі тарапынан азаптауларға және өзге де құқыққа қарсы әрекеттерге жол бермеу мақсатында бейнекамералар дәретханаларды, қол жуатын және себезгі бөлмелерін, моншаларды және ұзақ мерзімді кездесу бөлмелерінің жатын үй-жайларын қоспағанда, комиссия айқындайтын орындарда орнатылады. Бұл ретте сотталғандарды сыртқы дене тексеруі жүзеге асырылатын үй-жайлар шымылдықтармен жабдықталады.

Әйелдерді ұстауға арналған мекемелер мен үй-жайларда бейнебақылау операторлары әйел жынысты қызметкерлерден тағайындалады.

Бейне мұрағатты сақтау мерзімі кемінде 60 тәулікті құрайды.

Бейнежазбалардың көшірмелерін беру қылмыстық-атқару жүйесінің жоғары тұрған органдарының, қылмыстық қудалау органдарының, соттың, прокуратураның, сондай-ақ Қылмыстық-процестік кодексте көзделген тәртіпте адвокаттардың және жәбірленушілер өкілдерінің ресми сұрауы бойынша жүргізіледі.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 21.12.2021 № 791 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. "Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын күдіктілерді, айыпталушыларды және сотталғандарды тамақтандыру және материалдық-тұрмыстық қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 5 маусымдағы № 448 бұйрығына (бұдан әрі - заттай нормалар) сәйкес сотталғандар киім-кешек мүлкімен, кереуетпен және төсек жабдықтарымен қамтамасыз етіледі.

Жатын үй-жайында көзге көрінетін жерде сотталғандардың жатын орындарының орналасу схемасы орнатылады.

Өзіне өзі қызмет көрсете алмайтын және арнаулы жүріп-тұру құралдарынсыз ( кресло-арбалар) жүріп-тұра алмайтын бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар мүмкіндік болған жағдайда жатақхана ғимараттарының бірінші қабаттарында тұрады.

Жатын орындары ауыстырылмайды және перделенбейді.

Кереуетті жинау үлгісі осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша белгіленген.

Түнгі ауысымдағы жұмыстан кейін демалып жатқандар мен төсек тартып жатқан ауруы бойынша босатылғандардан басқа сотталғандарға күн тәртіптемесімен ұйықтауға бөлінбеген уақытта жатын орындарын пайдалануға жол берілмейді.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 07.11.2023 № 803 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Сотталғандардың бастың шашты бөлігін біржарым сантиметрге дейін қысқа етіп алдыруды (сотталған әйелдерді қоспағанда), жинақы қиылған мұртты, сондай-ақ алынған сақалды көздейтін ұқыпты сыртқы пішіні болады.

11. Сотталғандарды жасақтар (бөлімшелер) және камералар бойынша бөлу туралы шешімді олардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін, олардың еңбекке тартылуын, жалпы және кәсіптік білім беру жүйесінде оқуын ескере отырып, мекеме бастығы басқаратын мекеме комиссиясы қабылдайды. Комиссияның құрамына мекеме бастығының орынбасарлары, күзет, жедел, режим, тәрбие, арнайы, психологиялық, өндірістік қызметтердің және мекемеде орналасқан медициналық ұйымның өкілдері кіреді. Кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған орташа қауіпсіз мекемелерде комиссия құрамына, бұдан басқа, жалпы білім беретін мектептің және өндірістік-техникалық училищенің қызметкерлері кіреді. Комиссия талқылауының нәтижесі бойынша мекеме бастығының бұйрығы шығарылады.

Террористік немесе экстремистік қылмыстар үшін сотталғандарды қоспағанда күш қолданумен байланысты емес қылмыстар үшін сотталғандар бөлек ұсталады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.05.2022 № 342 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Алып тасталды – ҚР Ішкі істер министрінің 18.03.2020 № 226 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 3-тарау. Сотталғандар мен мекемелер персоналының өзара қарым-қатынасы

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 05.10.2018 № 694 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Мекеме қызметкерлерімен, сотталғандардың мінез-құлқын бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруға уәкілетті адамдармен және мекемелерге барған басқа да лауазымды адамдармен кездескен кезде сотталғандар орнынан тұрады (тоқтайды), аяқтарын қосып, қолдарын тігінен қояды және олармен "Сәлеметсіз бе" немесе "Здравствуйте" деп амандасады, бұл ретте қол алысуға жол берілмейді.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 29.09.2020 № 652 ( алғаш ресми жариялаған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Сотталғандар мекеме қызметкерлерімен, сотталғандардың мінез-құлқын бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруға уәкілетті адамдармен "Сіз" деп сөйлеседі, оларды "мырза" немесе "офицер мырза" деп және одан әрі атағы, сондай-ақ аты және әкесінің аты бойынша атайды.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 21.05.2019 № 451 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Мекеме қызметкерлері сотталғандармен "Сіз" деп сөйлеседі және оларды " сотталған азамат", "сотталған азаматша" деп, тегі немесе аты мен әкесінің аты бойынша атайды. Кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған орташа қауіпсіз мекемелерде қызметкерлер сотталғандармен "сен" және "тәрбиеленуші" деп, сондай-ақ атымен де атай алады.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 31.08.2016 № 872 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Мекемелер персоналына сотталғандармен және олардың туысқандарымен қызмет мүддесіне байланысты емес қандай да бір қарым-қатынас жасасуға, сондай-ақ олардың қылмыстық-атқару заңнамасында және осы Қағидаларда регламенттелмеген қызметін пайдалануға жол берілмейді.

Ешбір сотталған азаптауларға, қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер немесе жазалау түрлеріне тап болмауы тиіс.

Мекеме әкімшілігі сотталғандардың, мекеме қызметкерлерінің және мекемеге келушілердің күзетін және қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 21.05.2019 № 451 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 4-тарау. Мекемелердегі күн тәртібі

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 05.10.2018 № 694 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### 1-Параграф. Күн тәртібі

17. Әрбір мекемеде сотталғандардың қандай да бір құрамымен жұмыс жасау ерекшеліктерін, жыл мезгілін, жергілікті жағдайды және басқа да нақты жағдайлар

ескеріле отырып, мекеме бастығы бекіткен қатаң регламенттелген күн тәртібі ұйымдастырылады.

18. Күн тәртібіне ұйқыдан тұру, тексеру, ұйқыға жату, дәретханаға бару, дене шынықтыру, тамақ ішу, жұмысқа тарату, жұмыста, оқуда, тәрбие және спорттық-бұқаралық іс-шараларда, кездесу бөлмелерінде, дүкенде, мекемеде орналасқан медициналық ұйымда болу, телефон арқылы сөйлесу уақыттары кіреді. Сотталғандардың үзіліссіз сегіз сағаттық ұйқысы және оларға жеке уақыт беру көзделеді. Сотталғандардың жасақ бойынша аптасына кемінде бір рет моншада жуынуы қарастырылады. Жасақтардың моншада жуыну күні мен уақыты мекеме бастығы немесе оның міндетін атқарушы адам бекіткен кестемен белгіленеді, бұл ретте , бір сотталғанның жуыну ұзақтығы 1 сағаттан кем болмауы тиіс.

Сотталғандар күн тәртібінен бос уақытта, мекеме әкімшілігі белгілеген орындарда дене шынықтыру жаттығуларымен айналысады.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.05.2022 № 342 ( 01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Күн тәртібі көзге түсетін жерге (плацқа, камераларда, жасақ, карантин бөлімшесінің үй-жайларына) ілінеді, персоналға және сотталғандардың назарына жеткізіледі. Күн тәртібі үлгісі осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша белгіленген.

Жаппай іс-шараларды өткізу орны мен тәртібі (тексеру, дене шынықтыру, жұмысқа тарату, спорттық іс-шаралар) мекеме бастығының бұйрығымен бекітіледі.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 05.10.2018 № 694 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**2-Параграф. Сотталғандарды жұмысқа тарату**

20. Сотталғандар күн тәртібінде белгіленген уақытта жасақ, бригада бойынша жұмысқа тарату үшін арнайы бөлінген жерде сапқа тұрғызылады, бұл ретте карточкасы , тегі бойынша тексеру жүргізіледі, олардың сыртқы пішіні және жынысы мен климаттық жағдайды ескере отырып, үлгісі "Сотталғандардың киім нысанының үлгілерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 14 шілдедегі № 575 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33086 болып тіркелген) бекітілген маусым бойынша белгіленген киім нысаны (бұдан әрі – белгіленген киім нысаны) тексеріледі.

Мекемеде пайдалануға көзделмеген заттарды, бұйымдарды және заттектерді алып өтуіне жол бермеу мақсатында сотталғандар тексеріледі немесе тінтіледі.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 07.11.2023 № 803 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Мекеме бастықтары мекеме аумағында орналасқан кәсіпорындардың бастықтарымен бірлесіп, еңбек жағдайын ескере отырып, сотталғандардың өндіріс объектілеріндегі жүріс-тұрыс тәртібін белгілейді, онда сотталғандардың объектілерге саппен келуі, цех (учаске) бастықтарының немесе шеберлерінің нұсқама өткізулері, жұмыс қорытындысын шығару, жұмыс орындарын тапсыру тәртібі қарастырылады. Мекеме әкімшілігі өндірістік объектілердегі сотталғандарға ұдайы бақылау мен қадағалауды қамтамасыз етеді.

Камералық ұстау жағдайында сотталғандарды жұмысқа тарту ҚАК-нің 149-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

Сотталғандарды пайдалануға жол берілмейтін жұмыстар мен лауазымдар тізбесі осы Қағидаларға 4-қосымшада белгіленген.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 21.05.2019 № 451 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**3-Параграф. Тамақтану**

22. Сотталғандар асханаға күн тәртібімен белгіленген сағатта таза киім мен аяқ киімде саппен келеді.

Сотталғандар асхана үй-жайына саптың оң жағынан, кезектілікті сақтай отырып, бір-бірден кіреді.

Тамақтану жасақ, бөлімше, бригада бойынша асханада немесе жұмыс объектілеріндегі тамақ тарататын үй-жайда жүзеге асырылады. Егер асхана тұрғын және өндірістік аймақтардың түйіскен жерінде орналасса, жұмыстағы ауысымды тамақтандыру тұрғын аймақтағы адамдарды өндірісте жұмыс істейтін сотталғандардан оқшаулауды қамтамасыз ете отырып, асханада ұйымдастырылуы мүмкін.

Сотталғандарға асханадан азық-түліктерді және ыдыс-аяқтарды шығаруға жол берілмейді.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 29.09.2020 № 652 (алғаш ресми жариялаған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Тамақтанар алдында сотталғандар сыртқы киімдері мен бас киімдерін шешеді.

Сотталғандар кезек бойынша үстелге отырады. Сотталғандар асханадан шығуды барлық сотталғандар тамақ ішкеннен кейін жүзеге асырады.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 29.09.2020 № 652 (алғаш ресми жариялаған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. Ауыз сумен қамтамасыз ету, тамақты коректік сипаттары мен құндылығы бойынша дайындау санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды ескере отырып, заттай нормаларға сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 07.11.2023 № 803 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған орташа қауіпсіз мекемелерде таңғы, түскі және кешкі ас асханаларда ұйымдастырылады.

26. Коммуналдық-тұрмыстық объектілердің (монша, шаштараз, кір жуатын үй) үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету мақсатында мекеме бастығының рұқсатымен осы объектілерде жұмыс істейтін сотталғандар жеке кесте бойынша тамақтанады.

27. Жазаны өтеудің жеңілдікті жағдайларында ұсталатын, сондай-ақ мекеменің аумағынын тыс жерде тұратын сотталғандар тұратын жерлерінде немесе жұмыс объектілерінде тамақтанады.

28. Камераларда ұсталатын сотталғандар тамақты камерада қабылдайды, ал жазаны өтеудің жеңілдетілген және жеңілдікті жағдайларындағы сотталғандар асханада тамақтанады.

29. Туберкулезден емдеуге арналған мекемелерде орналасқан медициналық ұйымдарда ұсталатын сотталғандар және мекемелерде орналасқан медициналық ұйымдардың стационарлық жағдайында медициналық көмек алып жатқан ауыр сырқаттанған сотталғандар медициналық көрсеткіштердің негізінде берілген емдеуші дәрігердің жазбаша рұқсатымен тамақты тұратын жерлерінде (медициналық палаталарда не бактерия бөлетін туберкулезбен ауыратындарға арналған бөлімшелердегі ас қабылдау бөлмелерінде) қабылдайды.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.05.2022 № 342 ( 01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30. Тәртіпті сақтау және сотталғандардың даулы жағдайларына жол бермеу мақсатында тамақтану кезінде асханаларда мекеме әкімшілігінің өкілдері мен Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының әскери қызметшілері болады.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 31.08.2016 № 872 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### 4-Параграф. Сотталғандарды жеке қабылдау

31. Мекеме басшылығы, сондай-ақ бөлімдер мен қызмет бастықтары сотталғандарды жеке қабылдауды сотталғандардың назарына жеткізілетін кесте бойынша жүзеге асырады, бірақ кемінде аптасына 1 рет. Қабылдауға жазылған сотталғандарды есепке алуды әрбір жауапты жұмыскер сотталғандар жүгінген мәселелер мен оларды қарау нәтижелерін көрсете отырып, осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сотталғандарды жеке мәселелері бойынша қабылдау журналында жүргізеді. Жеке қабылдау сотталғандардың алдын ала жазбаша өтінімі бойынша жүзеге асырылады.

Мекеме әкімшілігі сотталғандарды жеке мәселелері бойынша қабылдауды жүзеге асыру үшін Ұлттық ұланның өкілдерін тартады.

Кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған орташа қауіпсіз мекемелерде жеке мәселелер бойынша қабылдауды күн сайын мекеме басшылығы, сондай-ақ бөлімдер мен қызмет бастықтары жүзеге асырады.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 21.05.2019 № 451 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

32. Қылмыстық-атқару жүйесінің жоғары тұрған органдарының қызметкерлері мекемеге барған кезде өздерінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша сотталғандарды қабылдайды. Осы қызметкерлер қабылдаған сотталғандардың есебі көрсетілген журналдың екінші бөлімінде жүргізіледі.

33. Мекемелердің бастықтары немесе олар уәкілеттік берген адамдар қабылдау кезінде қабылданған шешімдердің орындалуын кемінде айына бір рет тексереді.

**5-Параграф. Сотталғандардың бар-жоғын тексеру**

34. Мекемеде сотталғандардың бар-жоғын тексеру күн сайын таңертең және кешке күн тәртібінде белгіленген сағатта жүзеге асырылады. Қажет болған жағдайларда сотталғандарға қосымша тексеріс жүргізіледі. Біруақытта сотталғандардың сыртқы түрі және киімнің белгіленген нысанға сәйкестігі тексеріледі.

Қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерде ұсталатындарды қоспағанда, сотталғандар омырауға және қолға тағатын айырым белгілері бар киімдер киеді. Сотталғандарға арналған омырауға және қолға тағатын айыру белгілерінің үлгілері осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша белгіленген.

Қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерде сотталғандар әскери нысандағы киімді және басынан басқа дене мүшелерін жаппайтын киімді қоспағанда, азаматтық киім киеді.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 21.05.2019 № 451 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

35. Тексеру плацта жасақтар бойынша сапқа тұрғызу арқылы жүргізіледі. Сотталғандарды карточкалары бойынша салыстырып тексеру, содан кейін сотталғандардың жалпы санын есептеу жүргізіледі.

Сотталғанның тегі оқылған кезде, ол "Мен" немесе "Я" деген сөздермен дыбыс береді, екі метрден аспайтын қашықтықта қызметкердің алдына келіп, жеке басын карточкадағы фотосуретпен салыстыру үшін бас киімін шешеді, (қысқы кезеңнен басқа ) және атын және әкесінің атын (болған кезде) анық және түсінікті түрде атайды. Содан кейін саптың қарама-қарсы жағындағы өз орнына өтеді.

Сапқа тұрғызудан түнгі ауысымдағы жұмыстан кейін демалып жатқандар, төсек тартып жатқан ауруы бойынша босатылған сотталғандар, сондай-ақ тастап кетуі мүмкін емес жұмыстардағы сотталғандар босатылады. Мұндай адамдардың бар-жоғын тексеру олар орналасқан орындарда жүргізіледі.

Өзіне өзі қызмет көрсете алмайтын және арнаулы жүріп-тұру құралдарынсыз ( кресло-арбалар) жүріп-тұра алмайтын I және II топ мүгедектердің бар-жоғын тексеру, медициналық қорытынды болған кезде оқшауланған учаскеде жүзеге асырылады.

Мекемелерде орналасқан медициналық ұйымдарда сотталғандарды тексеру оқшауланған учаскелер не палаталар бойынша жүргізіледі.

Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.05.2022 № 342 ( 01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

36. Қолайсыз ауа-райы (жауын-шашын, қар, боран, бұршақ), сондай-ақ ауа температурасы - 25 градус және одан төмен болған кезде сотталғандарды тексеру және дене шынықтырулары күн тәртібіне сәйкес тұрғын үй-жайларда жасақ бойынша өткізіледі.

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 05.10.2018 № 694 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

37. Таңертеңгі және кешкі тексерулер 40 минуттан аспауы тиіс.

38. Камераларда, тәртіптік изоляторларда, жалғыз адамдық камераларда және уақытша оқшаулау үй-жайларында сотталғандардың бар-жоғын тексеру камера бойынша, ал жазаны өтеудің қатаң жағдайында ұсталатындар, қауіпсіз орындарда, жазаны өтеудің жеңілдікті жағдайындағыларды, карантин үй-жайларындағы тексеру, олар тұратын жерінде жүргізіледі.

39. Тексеруді жүзеге асыру үшін әр сотталғанға осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша фотосуреті бар карточка жасалады, онда тегі, аты, әкесінің аты ( бар болса), туған күні, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі - ҚК) баптары, бас бостандығынан айыру мерзімі, мерзімінің басталуы мен аяқталуы, жасақ, бригада нөмірі, мекемеге келген күні көрсетіледі. Картотеканы кезекші немесе режим қызметінің бекітілген қызметкері жүргізеді. Картотека кезекші бөлімде арнайы дайындалған жәшікте сақталады. Профилактикалық есепке қойылған сотталғандардың тексеру карточкасына айыру жолақтары салынады: қашуға бейім сотталғандар үшін – қызыл түс; профилактикалық есептің басқа түрлеріне – қара түс.

40. Қашуға бейім ретінде профилактикалық есепте тұрған сотталғандарды тегі бойынша карточкалық тексеру ұйқыға арналған уақытты қоспағанда, әрбір екі сағат сайын, оларды жалпы тексеру жүргізетін орындарда сапқа тұрғызу арқылы қосымша жүзеге асырылады.

**6-Параграф. Сотталғандардың мекеме шегінде жүру тәртібі**

41. Сотталғандар топтарының мекеме аумағы бойынша жүруі (саппен жүру тек сотталғандарды тексеру және тамақтану кезінде көзделген қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерді қоспағанда) тек саппен және белгіленген киім нысанында, олардың бірінің не мекеме әкімшілігі өкілінің еріп жүруімен жүзеге асырылады.

Саптың қозғалысы әдеттегі жүру сияқты жаяу жүру қадамымен жүзеге асырылады, бұл ретте қолдар дененің жанында еркін қозғалыста болады.

Сотталғандарға жасақтарда телехабарлар көруі, кітапханаға баруы кезінде киімнің үстіңгі бөлігін шешуге не ағытуға рұқсат етіледі.

Ескерту. 41-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 29.09.2020 № 652 ( алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

42. Жеке уақыты кезінде сотталғандар тек оқшауланған учаскелер шегінде, ал мекеме аумағының басқа бөлігінде мекеме әкімшілігі өкілдерінің жазбаша рұқсатымен жүре алады.

43. Жазасын қатаң жағдайда өтеуші сотталғандардың құлыпталатын үй-жайлардан тыс жерлерде жүруі тек қана мекеме әкімшілігі өкілдерінің еріп жүруі арқылы жүзеге асырылады.

## 5-тарау. Бас бостандығынан айыруға сотталғандардың тамақ өнімдерін және бірінші кезекте қажетті заттарды сатып алуы, сотталғандардың сауқат, сәлемдеме, бандерольдер алуы, қосымша қызметтер көрсету, мекемелерде пайдалануға тыйым салынған заттар мен құжаттарды алу тәртібі

Ескерту. 5-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 05.10.2018 № 694 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### 1-Параграф. Бас бостандығынан айыруға сотталғандардың тамақ өнімдерін, бірінші кезекте қажетті заттарды сатып алу, қосымша қызметтер ұсыну тәртібі

44. Сотталғандарға тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті заттарды сату үшін мекемелерде демалыс және мереке күндерін қоспағанда, күн сайын жұмыс істейтін дүкендер ұйымдастырылады. Дүкендермен қатар мекемеде күн сайын жұмыс істейтін электронды сауда алаңдары ұйымдастырылады. Сотталғандар күн тәртібімен бөлінген уақытта, кезекке тұруды (жасақ, бригада және камералар бойынша) ескере отырып, қолма-қол ақша төлемсіз осы мекеме жанындағы дүкендердің, сондай-ақ электрондық сауда алаңының қызметін пайдалана алады.

Мекеме жанындағы дүкендерде, сондай-ақ электрондық сауда алаңында осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес сотталғандардың сауқат, сәлемдемелер мен бандерольдер арқылы және мекеменің дүкендерінен алуға, өздерінде болуға рұқсат етілетін Заттар мен нәрселердің тізбесімен (бұдан әрі - Тізбе) рұқсат етілген барлық тауарлардың, заттар мен нәрселердің түр-түрінің болуы көзделеді.

Ескерту. 44-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 29.09.2020 № 652 (алғаш ресми жариялаған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

44-1. Электрондық сауда алаңында бірінші кезекте қажетті тауарларды сатып алу тапсырыс беру жолымен, арнайы стационарлық (терминал) не электрондық сауда алаңының интернет-ресурсына бару үшін ғана Интернет желісіне қол жеткізе отырып, мобильді (планшет) құрылғы арқылы жүзеге асырылады.

Тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті заттарды сатып алуға жұмсалатын шығыстар сомасы Қылмыстық-атқару кодексінде көзделген шекте сотталған адамның ақшаны уақытша орналастырудың қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы қаражаттан жүзеге асырылады.

Ай сайынғы жұмсау лимитінен асатын тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті заттарды сатып алу, сондай-ақ оларды басқа адамдардың төлеуі сауқатқа теңестіріледі.

Ескерту. 44-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ішкі істер министрінің 29.09.2020 № 652 (алғаш ресми жариялаған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

45. Жалғыз адамдық камераларда, қауіпсіз орында, жазаны өтеудің қатаң жағдайында ұсталатын, ӨББА-ға және ӨЖББАА-ға сотталғандар үшін тамақ өнімдерін, оның ішінде шайды және бірінші кезекте қажетті заттарды олардың өтінімдері бойынша мекеменің тиісті қызметінің қызметкерлері сатып алады. Сатып алынған тауар осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім негізінде қолын қойғызу арқылы сотталғанға беріледі.

Ескерту. 45-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.05.2022 № 342 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

46. ӨББА-ға және ӨЖББАА-ға сотталғандардан басқалары, сотталғандар өздерінің қалауы бойынша өз қаражаттары есебінен мекемелердің орналасқан ауданындағы коммуналдық-тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарының, медициналық ұйымдарының қосымша қызметтерін пайдалана алады.

Ескерту. 46-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.05.2022 № 342 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

47. Қосымша қызметтерге: киім және аяқ киім, оның ішінде азаматтық үлгідегі киімдерді тігу, оларды жөндеу, киім тазалау, фото-бейне түсіру (мекеме әкімшілігінің бақылауымен жүргізіледі), шаштараз қызметі, сот құжаттарын, сотталғандардың жеке істеріндегі өзге де құжаттардың көшірмесін жасау, нотариалдық қызмет, аудармашы қызметі, ақылы медициналық қызмет көрсету жатады.

Қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерде жазасын өтейтін сотталғандар сырттай оқуға ақша төлеп, жоғары және орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында оқи алады.

48. Сотталғандардың өз қаражаты есебінен төленетін қосымша қызметтер олардың мекеме бастығының атына берген жазбаша өтінімі бойынша және мекеме аумағында көрсетіледі.

Қосымша қызмет көрсету үшін мекеме әкімшілігі тиісті маманды (жұмыскер) шақыртады.

Ескерту. 48-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 21.05.2019 № 451 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

49. Сотталғанның жазбаша өтінімінде көрсетілген қосымша қызметтерге төлем мекеменің ақшаны уақытша орналастырудың қолма-қол ақшаны бақылау шоттарынан қызмет көрсеткен тиісті кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның немесе маманның (жұмыскердің) атына пошта (телеграф) арқылы ақша аудару жолымен жүзеге асырылады.

Ескерту. 49-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 21.05.2019 № 451 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 2-Параграф. Сотталғандардың сауқат, сәлемдеме, бандерольдерді алу тәртібі

50. Сотталғандар сауқаттарды, сәлемдемелерді және бандерольдерді мекемеге келген кезден бастап ала алады.

Сәлемдемелерді сондай-ақ кездесу ұсынған кезде ала алады.

Ұзақ кездесулер кезінде алынатын сәлемдемелер жазаны өтеу шарттарына сәйкес тиісті сәлемдемелер санына енгізілмейді.

Сотталғандардың атына ҚАК-тің 86, 136, 138, 140, 145 және 151-баптарында көзделген санынан асатын, сондай-ақ босатылған немесе қайтыс болған адамдардың атына сауқаттар мен бандерольдер келіп түскен кезде, олар кері қайтару себебін, төлем сомасын көрсете отырып, жөнелтушілерге қайтарылады. Басқа мекемелерге ауыстырылған сотталғандардың атына келген сауқаттар мен бандерольдер мекеменің есебінен олардың жаңа ұсталатын жеріне жіберіледі.

Ескерту. 50-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 07.11.2023 № 803 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

51. Сауқат, бандерольдер және хат-хабардың жеткізілуіне жауапты мекеме жұмыскері оларды пошта бөлімшесінен алған кезде қаптамалардың, тапсырыс хаттар конверттерінің тұтастығын мұқият тексереді. Бүлінгені анықталған жағдайда екі данада акті жасайды (еркін нысанда), онда бүлінудің сипатын көрсетеді және оған пошта бөлімшесі жұмыскерінің қолын қойғызады. Бір данасын пошта бөлімшесінде қалдырады, екіншісін жинақтау папкасына тігеді.

52. Алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 31.08.2016 № 872 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

53. Сотталған жүкті әйелдер және бала емізетін аналар еркі бойынша медициналық қорытындымен айқындалатын санда және түр-түрімен азық-түлік сауқаттары мен сәлемдемелерді ала алады.

54. Сауқат, сәлемдеме және бандерольдердің ішіндегіні, сондай-ақ тапсырыс хаттарды адресаттардың қатысуымен жауапты жұмыскер мекеменің қызметкерлерімен бірге ашып қарайды. Тізбеде көзделмеген табылған заттар, бұйымдар мен заттектер алынады және осы Қағидалардың 62-тармағына сәйкес шешім қабылданады.

55. Сотталғандардың мекенжайына келіп түскен сауқат, сәлемдеме және бандерольдер олардың ішіндегілерінің тізбесі мен салмағы сәлемдемелер мен бандерольдерді беруді есепке алу журналына тіркеледі, оның нысаны Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 20 ақпандағы № 36 қбпу бұйрығымен бекітілген Қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдардың мінез-құлқына бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі қызметті ұйымдастыру және жете тексеру мен тінту жүргізу қағидаларында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14922 болып тіркелген) (бұдан әрі - ҚАЖ мекемелерінде ұсталатын адамдардың мінез-құлқына бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі қызметті ұйымдастыру қағидалары) көрсетілген.

Бір сауқат пен сәлемдеменің ең жоғарғы салмағы 20 килограмнан аспайды.

Ескерту. 55-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 29.09.2020 № 652 ( алғаш ресми жариялаған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

56. Мекемеге келген сотталғандардың туысқандарына немесе өзге адамдарға мекеме әкімшілігі тиісті сауқат, сәлемдеме, бандерольдердің орнына оларды сотталғандарға беру мақсатында мекеме жанындағы дүкендері және электрондық сауда алаңы арқылы тамақ өнімдерін және бірінші кезекте қажетті заттарды сатып алу мүмкіндігі бар екенін түсіндіреді. Мұндай жағдайда аталған адамдар сотталғандарға беру үшін тамақ өнімдерінің және бірінші кезекте қажетті заттардың саны, салмағы көрсетілген екі данадағы өтінім береді және олардың құнын төлейді. Сотталғандар мұндай сәлемдемелерді алғаннан соң өтінімнің бірінші данасы осы сәлемдемелердің құнын төлеген адамға беріледі, екінші данасы жеке іске тігіледі.

Ескерту. 56-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 29.09.2020 № 652 ( алғаш ресми жариялаған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

57. Саны мен түр-түрі медициналық қорытындыда айқындалған, сондай-ақ сотталған жүкті әйелдер мен бала емізетін аналарға арналған сауқаттар мен сәлемдемелер тексеруден кейін адресаттарға беріледі. Медициналық қорытындыға сәйкес сотталғандар алатын дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар мекемеде орналасқан медициналық ұйымдардың медицина қызметкерлеріне беріледі. Бұл ретте,

медициналық қорытындыға сәйкес сотталғандар алатын дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар жазаны өтеу жағдайларына сәйкес рұқсат етілген саукат пен сәлемдемелер санына енгізілмейді.

Ескерту. 57-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.05.2022 № 342 ( 01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

58. Тәртіптік изоляторларда ұсталған сотталғандарға саукат және бандерольдер жазалау шарасын өтегеннен кейін тапсырылады, ӨББА-ға және ӨЖББАА-ға сотталғандарға мекеме әкімшілігі камерада тапсырады. Мекеме әкімшілігі саукат және бандерольдердің ішіндегілердің сақталуын қамтамасыз етеді, алайда ішіндегі заттардың ұзақ уақыт сақтау салдарынан табиғи бұзылуына жауапты болмайды.

Ескерту. 58-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.05.2022 № 342 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

59. Мекеме әкімшілігінің рұқсатымен сотталғандар өз қаражаты есебінен туысқандарына және өзге де адамдарға мекеме жанындағы дүкеннен немесе электрондық сауда алаңынан сатып алынған тамақ өнімдерін және бірінші кезекте қажетті заттарды, сондай-ақ өзінің жеке пайдалануындағы немесе қоймада сақтаудағы заттар мен бұйымдарды саукат және бандерольмен жібере алады. Жіберуге арналған затты мекеме әкімшілігінің өкілдері сотталғанның қатысуымен қарап тексереді.

Ескерту. 59-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 29.09.2020 № 652 ( алғаш ресми жариялаған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**3-Параграф. Мекемелерде пайдалануға тыйым салынған заттар мен құжаттарды алып қою**

60. Тізбеде көзделмеген заттарды, бұйымдарды, заттектерді, құжаттарды және тамақ өнімдерін алып қоюды мекеме қызметкерлері мен сотталғандардың мінез-құлқын бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруға уәкілетті адамдар жүзеге асырады.

Заттар, бұйымдар, заттектер, құжаттар және тамақ өнімдері сотталғандардан анықталған сәтте алынады, үлгісі ҚАЖ мекемелерінде ұсталатын адамдардың мінез-құлқына бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі қызметті ұйымдастыру қағидаларында көрсетілген ол жөнінде баянат немесе акт жасалады және тексеріледі. Актіде тыйым салынған затты алған күн, уақыты, орны, сотталғанның және тыйым салынған затты анықтаған және алуды жүргізген қызметкердің деректері көрсетіледі.

Егер мән-жайлар кейінге қалдыруға болмайтын болса, тінту дереу, оның ішінде тәуліктің кез келген уақытында жүргізіледі.

Ескерту. 60-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 29.09.2020 № 652 ( алғаш ресми жариялаған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

61. Сотталғандардан, сондай-ақ мекеме аумағынан табылған иесін табу мүмкін емес ақшаны, бағалы қағаздар мен өзге де құндылықтарды осы Қағидаларға сәйкес мекеме әкімшілігі алады және сот шешімі бойынша мемлекет кірісіне аударылуға жатады.

Сотталғандардың сауқат, сәлемдемелер мен бандерольдер арқылы және мекеме жанындағы дүкендерден немесе электрондық сауда алаңынан алуға, өздерінде болуға рұқсат етілетін заттар мен нәрселердің тізбесіне кірмейтін сотталғандардан, сондай-ақ мекеме аумағы мен мекемеге іргелес аумақтан алынған заттар, бұйымдар, заттектер, құжаттар және тамақ өнімдері мекеме әкімшілігінің комиссиялық шешімі бойынша туысқандарына немесе сақтауға беріледі немесе мекеме бастығының қаулысы бойынша жойылады, бұл туралы акті (еркін нысанда) жасалады.

Ескерту. 61-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 29.09.2020 № 652 ( алғаш ресми жариялаған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

62. Алынған ақшаны және бағалы заттарды оларды алған лауазымды тұлғаның актісі немесе баянаты бойынша, бір тәулік мерзімнен (демалыс және мереке күндерін қоспағанда) кешіктірмей, кезекші мекеме басшылығы тексеру туралы материалдарды жинауды жүзеге асыру тапсырылған қызметкерге сотталғандардан алынған ақша мен бағалы заттарды есепке алу журналына қолын қойдырып береді.

63. Тізбеде белгіленген саннан артық сотталғандарда бар заттар алынады және сақтау үшін қоймаға тапсырылады.

## 6-тарау. Бас бостандығынан айыруға сотталғандардың хат жазысуы, ақшалай аударымдарды жіберуі және алуы, бас бостандығынан айыруға сотталғандардың кездесулері, бас бостандығынан айыруға сотталғандардың телефон арқылы сөйлесуі

Ескерту. 6-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 05.10.2018 № 694 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### 1-Параграф. Сотталғандардың хат жазысу, ақшалай аударымдарын жіберу және алу

64. Сотталғандардың өз қаражаты есебінен хаттарды, олардың санын шектеусіз алуы және жіберуі тек мекеме әкімшілігі арқылы "Сотталғандар жіберетін және алатын хат-хабарға бақылау жүргізу қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 21 тамыздағы № 86 қбпү бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9754 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 86 қбпү бұйрық) сәйкес жүргізіледі. Мекеменің әрбір оқшауланған учаскесінде, ал кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған орташа қауіпсіз мекемелерде мекеме әкімшілігі белгілеген орында арнайы жәшіктері ілінеді, олардан демалыс және мереке күндерінен басқа күндері күн сайын соған уәкілетті лауазымды тұлғалар хаттарды жіберу үшін алып отырады. Толық қауіпсіз мекемелерде, жалғыз адамдық камераларда

және мекемелердің қауіпсіз орындарында сотталғандар хаттарын жіберу үшін мекеме әкімшілігіне береді.

Мекемелерде лауазымды адамдардың заңсыз әрекеттеріне сотталғандардың шағымдар беруіне арналған арнайы жәшіктерінің жұмыс істеуі қамтамасыз етіледі. Аптасына бір рет жиілігімен прокурор мекеме әкімшілігі өкілінің қатысуымен жүгінулерді алады, ол туралы тиісті акті толтырады. Арнайы жәшіктер мекеме аумағында және үй-жайларда сотталғандарға қолжетімді жерде орнатылады.

Ескерту. 64-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 30.04.2025 № 341 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

65. Мекемеден кетіп қалған сотталғандардың атына келген хаттар 3 тәуліктен кешіктірілмей оның жаңа тұрғылықты жеріне жолданады.

Сотталғандардың басқа мекемелерде ұсталатын адамдарға жолданған хаттары, сондай-ақ басқа мекемелерден келіп түскен хаттар осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Сотталғандардың хаттарын тіркеу журналына тіркеледі.

Ескерту. 65-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 05.10.2018 № 694 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

66. Алып тасталды – ҚР Ішкі істер министрінің 05.10.2018 № 694 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

67. Сотталғандардың хат жазысуы № 86 қбпү бұйрыққа сәйкес бақылауға алынады.

Ескерту. 67-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 30.04.2025 № 341 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

68. Сотталғандарға келіп түскен ақшалай аударымдар мекеменің ақшаны уақытша орналастырудың қолма-қол ақшаны бақылау шоттарына аударылады. Пошта байланысының көрсетілетін қызметтерін ұсыну қағидаларында көзделген сотталғандардың атына жіберуге тыйым салынған заттар мен заттектерді хат-хабарлардан мекеме қызметкерлері коммиссиялық түрде тиісті акті (еркін нысанда) толтыру арқылы алады, оның бір данасы жіберушінің атына жолданады.

Табылған ақша, бағалы заттар, сондай-ақ Тізбеде көзделмеген басқа да заттар, бұйымдар және заттектер алып қойылады, олар бойынша Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 481-бабына сәйкес шешім қабылданады.

Жақын туыстарына және өзге де адамдарға аударым жіберу үшін сотталған мекемедегі ақшаны уақытша орналастырудың қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы өзінің ақшасының нақты сомасын аудару туралы өтінішпен өтінім ( еркін нысанда) толтырады. Өтінімдерді қабылдауды мекеме әкімшілігінің уәкілетті

лауазымды адамдары жүзеге асырады. Ақша аударымының жөнелтілгені туралы түбіртекке сотталғанның қолы қойылып хабарланады, ол оның жеке ісіне тігіледі.

Ескерту. 68-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 21.05.2019 № 451 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

69. Өзге адамдарға ақшалай аударымдарды жіберу кезінде сотталған, бұдан басқа өз өтінім ақша аударудың себебін хабарлайды. Мекеме әкімшілігінің осы өтінім бойынша шешімі, әдетте, өтінім берілген күннен бастап 5 жұмыс күнінен кешіктірмей қабылданады. Қабылданған шешім туралы сотталғанға қол қойдыру арқылы хабарланады.

Ескерту. 69-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 29.09.2020 № 652 ( алғаш ресми жариялаған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 2-параграф. Сотталғандардың өтініштерін қабылдау, есепке алу және қарастыру

Ескерту. 2-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 05.10.2018 № 694 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

70. Сотталғандар тек өз атынан ғана өтініш береді.

Ескерту. 70-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 05.10.2018 № 694 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

71. Сотталғандардың өтініштері адресатқа мекеме әкімшілігі арқылы жөнелтіледі.

Сотқа, прокуратура органдарына және өзге де мемлекеттік органдарға жолданатын шағынымдарды сотталғандар электрондық құжат түрінде электрондық өтініштерді жіберуге арналған терминал арқылы бере алады.

Шешілуі не түсіндіруі мекеме әкімшілігінің құзыретіне жататын сотталғандардың өтініштерін мекеме әкімшілігі қарайды.

Лауазымды адам сотталғаннан өтінішті алғаннан кейін оны жасақ бастығына береді.

Жасақ бастығы сотталғанға өтініштерді қабылдау, есепке алу және адресатқа жөнелту тәртібін түсіндіріп, сотталғаннан өтінішті (өтінішхатты) алғаннан кейін осы Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Сотталғандардың өтініштерін қабылдау журналына сәйкес оған жыртылмалы талон береді және өтінішті мекеменің арнайы есепке алу бөлімінің қызметкеріне осы журналға қол қойғызып, тағайындау бойынша жіберу үшін береді не сотталғанның өтінішін мекеменің арнайы есепке алу қызметкері жеке мәселелері бойынша қабылдауды жүзеге асыру кезінде қабылдайды.

Өтініштер адресатқа келіп түскен күнінен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей мерзімде жолданады, бұл туралы сотталған қол қою арқылы хабарланады.

Мекеме әкімшілігі қарастыру субьектісі болып табылмайтын сотталғандардың өтініштері мекеме бастығы не оның міндетін атқарушы адам белгілейтін жауапты

қызметкер (жұмыскер) Электронды құжат айналымының бірыңғай жүйесі арқылы ілеспе хатты жасамай немесе электрондық құжат түрінде электрондық өтініштерді жіберуге арналған терминал арқылы адресатқа жолдайды.

Егер сотталған жүгінген орган (ұйым) Электронды құжат айналымының бірыңғай жүйесінің қатысушысы болып табылмаса, осы өтініш адресатқа пошта байланысы арқылы жолданады.

Электрондық құжат түріндегі өтініштерді жіберу үшін мекеме әкімшілігі сотталғандардың тікелей тұратын жерлерінде, камералық ұстау жағдайындағы мекемелерді қоспағанда арнайы терминалдар орнатады, онда мұндай терминалдар мекеме әкімшілігі белгілеген орындарда орнатылады. Сотталғандар терминалдардың қызметін күнделікті, кестеге және күн тәртібіне сәйкес.

Ескерту. 71-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 29.09.2020 № 652 ( алғаш ресми жариялаған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

72. Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздар мен хабарларды қабылдауды және тіркеуді Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 89 бұйрығымен бекітілген Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арызды, хабарды немесе баянатты қабылдау және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9744 болып тіркелген) сәйкес мекеменің кезекші қызметі жүзеге асырады.

Ескерту. 72-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 05.10.2018 № 694 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

73. Сәлемдемелер, сауқаттар алу, кездесулер беру, ақша жұмсау, еңбекақы есептеу, еңбекті пайдалану, медициналық көмек көрсету, заттай мүлікпен қамтамасыз ету мәселелері, сондай-ақ мекеменің әкімшілігі шеше алатын осындай сипаттағы өзге де мәселелер жөніндегі өтініштер оларды органдардың немесе жіберілген адамның қарау нәтижелерін күтпестен шешіледі.

74. Өтініштерді қарау нәтижелері бойынша келіп түскен жауаптар келісімен, бірақ үш жұмыс күнінен кешіктірілмей қолхат арқылы сотталғанға хабарланады және олардың жеке ісіне тігіледі.

75. Алып тасталды – ҚР Ішкі істер министрінің 05.10.2018 № 694 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**3-Параграф. Бас бостандығынан айыруға сотталғандарға кездесулер беру тәртібі**

76. Сотталғандарға: сәлемдеме алу құқығымен ұзақтығы екі сағат қысқа мерзімді, ұзақтығы 2 тәулік ұзақ мерзімді мекеме аумағында кездесулер берілді. Кәмелетке толмаған сотталғандарды ұстауға арналған орташа қауіпсіз мекемелерде

сотталғандарға бұдан басқа ұзақтығы 5 тәулікке дейін мекеме аумағынан тыс жерде тұрумен ұзақ мерзімді кездесу беріледі. Сотталғанның немесе кездесуге келген адамның жазбаша өтініші бойынша кездесу бір тәулікке немесе кездесу ұзақтығы қысқаруы мүмкін. Бұл ретте, кездесу толықтай пайдаланылған болып саналады.

Сотталғанның асырап алған және кәмелетке толмаған балаларына онымен кездесу алардың заңды өкілдерінің еріп жүруімен беріледі.

Қысқа мерзімді кездесулер бөлме биіктігі бойынша органикалық шыныдан жасалған (сотталғандар және келушілер үшін) арнайы қалқалармен өзара бөлініп орнатылған үстелдер арқылы арнайы жабдықталған бөлмелерде өткізіледі. Бөлмелерде сөйлесу құрылғысы бар кабиналар орнатылады.

Жазаны өтеудің жеңілдікті жағдайындағы сотталғандарға қысқа мерзімді кездесулер сотталғандар мен келушілер үшін араларын оқшаулатқыш аралық жабынмен бөлмей орнатылатын үстелдер арқылы арнайы жабдықталған бөлмелерде ұсынылады.

Сотталғандарға олар келіскен кезде қысқа мерзімді кездесулер сондай-ақ бейнебайланыс арқылы ұсынылады.

Бейнебайланыс арқылы қысқа мерзімді кездесулер бейнекездесулер өткізу үшін техникалық жабдықтармен және байланыспен жабдықталған арнайы бөлмелерде ұсынылады.

Ескерту. 76-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 07.02.2023 № 143 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

77. Ұзақ мерзімді кездесулер, бактерия бөлетін туберкулезбен ауыратын сотталғандардан басқа, әйелімен (күйеуімен), жақын туысқандарымен, сотталғанмен некеде тұрмайтын, олардың ортақ кәмелетке толмаған балаларымен келген адамдарға беріледі.

Ескерту. 77-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 05.10.2018 № 694 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

78. Сотталғандарға олардың сұрауы бойынша ұзақ мерзімді кездесуді қысқа мерзімді кездесуге, ал кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған орташа қауіпсіз мекемелерде мекемеден тыс жерде тұрумен ұзақ мерзімді кездесуді мекеме шегінен тыс жерде шығумен қысқа мерзімді кездесуге ауыстыруға рұқсат беріледі.

79. Кездесуге рұқсатты сотталғанның не онымен кездесуге келген адамның өтінімі бойынша мекеменің бастығы немесе олардың міндеттерін бөлуге сәйкес оны алмастыратын адам береді. Кездесу беруден бас тартқан кезде сотталғандармен кездесуге өтінім білдірушінің өтінішіне бас тартудың себебі туралы белгі жасалады.

Сотталғанмен кездесу ұсынудан бас тартылған жағдайда кездесу бөлмесіндегі қадағалау бойынша бақылаушы не мекеме әкімшілігінің өкілі сотталғанға және кездесуге келген адамдарға бас тартудың дәлелді себебін түсіндіреді.

Кездесуге келген адамның жеке басын, сондай-ақ олардың сотталғанмен туыстық байланыстарын куәландыру "Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы" 2013 жылғы 29 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабында көзделген құжаттармен, сондай-ақ неке қию туралы куәлік, қорғаншылар мен қамқоршылар органдарының құжаттарымен расталады.

Ескерту. 79-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 21.05.2019 № 451 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

80. Кездесуге келген адамның не сотталғанның өтінімін мекеменің кездесу бөлмесі бойынша жауапты бақылаушысы қабылдайды. Өтінімнің үлгісі келушілерге арналған бөлмеде көрнекі ақпарат тақталарында ілінеді.

Жұбайымен (зайыбымен), жақын туыстарынан басқа өзге адамдармен қысқа мерзімді кездесулер мекеме бастығының не оның міндетін атқарушы адамның рұқсаты негізінде кездесуге келген адамның жазбаша өтінімі (еркін нысанда) бойынша ұсынылады.

Ескерту. 80-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 21.05.2019 № 451 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

81. Кездесуге келген адамдарды мекеме бастығы немесе оның орынбасары қабылдайды. Олар сотталғанның мінез-құлқы туралы хабарлайды және кездесу кезіндегі мінез-құлық қағидалары туралы, тыйым салынған сәлемдемелер беруге болмайтындығы туралы және белгіленген қағидалардың бұзылғаны байқалса, кездесудің дереу тоқтатылатыны туралы ескертеді.

82. Сотталғандар ұзақ мерзімді кездесулер кезеңінде жұмыстан алдын-ала немесе соңынан өтейтіндей болып босатылады.

83. Сотталғанға бірінші кездесу карантин бөлімшесінен бөлінгеннен кейін, тергеу изоляторында бұрын кездесу алғанына қарамастан, мекемеге келісімен беріледі. Қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді кездесу құқығы болған кезде қайсысын бірінші алуды сотталған анықтайды. Одан кейінгі кездесулер он екі айды сотталғанға бір жылда тиесілі аталған түрдегі кездесулер санына бөлгендегі бөлікке тең кезеңнің өтуі бойынша беріледі.

Кезекті кездесулерді беру мерзімі жылдың аяқталуына немесе жаңа жылдың басталуына қарамастан, сотталғанға берілген соңғы аталған түрдегі кездесу күнінен, сондай-ақ өзге мекемеден ауысып келген кезден бастап есептеледі.

Пайдаланылмаған кездесулерді жинауға жол берілмейді. Көтермелеу ретінде алған пайдаланылмаған кездесулер барлық жазасын өтеу мерзімі ішінде сақталады.

84. Мекемелердің қалыпты қызметіне кедергі келтіретін эпидемияға қарсы іс-шаралар өткізу, табиғи апаттар, төтенше жағдайлар, сондай-ақ мекемеде ерекше режим жағдайын енгізу кезінде кездесулер мекеме бастығының бұйрығымен уақытша тоқтатылады.

Жоғарыда көрсетілген себептер бойынша сотталғанға берілмеген кездесу кейінірек беріледі.

85. Мекемелер әкімшілігі кездесуге келген адамдардың сұрауы бойынша кездесудің ұзақтығын қысқартады. Кездесулерді біріктіруге немесе бір кездесуді бірнеше кездесуге бөлуге жол берілмейді.

86. Сотталғандар кездесуге белгіленген киім нысанында және ұқыпты күйінде келуі тиіс. Ұзақ мерзімді кездесулер кезеңінде олар қалауы бойынша туысқандары әкелген киімдерді, іш киімдерді және аяқ киімдерді пайдалана алады. Сотталғандар кездесуге дейін және одан кейін толық тінтуден өтеді.

87. Сотталғанға бір мезгілде жанында сотталғанның кәмелеттік жасқа толмаған аға-інілері, әпке-қарындастары, балалары, немерелері бола алатын екі ересек адаммен мерзімі ұзақ кездесуге рұқсат етіледі. ӨББА-ға сотталғандарға ұзақ мерзімді кездесулер олардың дағдылы және жеңілдетілген жағдайларда жазаларын өтеуі кезінде рұқсат етіледі.

88. Сотталғандармен кездесуге келген адамдар оларға мекеме әкімшілігі кездесу тәртібін түсіндірген соң ақшаларын, сондай-ақ сотталғандардың саукат, сәлемдемелер мен бандерольдер арқылы және мекеме жанындағы дүкендерден және электрондық сауда алаңынан алуға, өздерінде болуға рұқсат етілетін заттар мен нәрселердің тізбесінде көрсетілмеген заттар мен құндылықтарын тексеру тобының қызметкерлеріне сақтауға тапсырады.

Ескерту. 88-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 29.09.2020 № 652 ( алғаш ресми жариялаған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

89. Кездесуге келген адам сотталғанға мекемеде осы Қағидаларда көзделмеген заттар, бұйымдар және заттектерді беруге ниеті бар деп санауға жеткілікті негіздер болған кезде, мекеме қызметкері мұндай адамға өзіне тиесілі заттар мен киімдерді тексеруге келіскен жағдайда ғана кездесу берілетінін хабарлайды. Тексеру кезінде сотталғандардың саукат, сәлемдемелер мен бандерольдер арқылы және мекеме жанындағы дүкендерден және электрондық сауда алаңынан алуға, өздерінде болуға рұқсат етілетін заттар мен нәрселердің тізбесінде жасырынған заттар мен құндылықтар табылған жағдайда немесе тексеруден бас тартқан кезде ол адам кездесуге жіберілмейді.

Тексеру тәртібі ҚАЖ мекемелерінде ұсталатын адамдардың мінез-құлқына бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі қызметті ұйымдастыру қағидаларымен регламенттеледі.

Ескерту. 89-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 29.09.2020 № 652 ( алғаш ресми жариялаған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

90. Келуші осы Қағидаларға сәйкес әзірленген мекеме әкімшілігі белгілеген кездесу өткізу кезіндегі мінез-құлық қағидасын, кездесу өткізу тәртібін бұзған кезде кездесу өткізу дереу тоқтатылады.

91. Сотталғандармен кездесуге келген адамдардың қысқа мерзімді кездесу бөлмелеріне қандай да бір тамақ өнімдерін немесе заттарды алып кіруіне жол берілмейді. Ұзақ мерзімді кездесуге тамақ өнімдерін (арақ-шарап өнімдері мен сыраны қоспағанда) кіргізуге рұқсат етіледі.

Ұзақ мерзімді кездесу бөлмесіне кіргізілетін тамақ өнімдері және басқа заттарды тексеру тобы қызметкерлері мен кездесулер бөлмесі бойынша бақылаушы тексереді. Сотталғандардың ұзақ мерзімі кездесу бөлмесінен қандай да бір тамақ өнімдерін немесе заттарды алып шығуына рұқсат етілмейді.

92. Мекеме шегінен тыс ұзақ мерзімді кездесуге рұқсат берілген кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған орташа қауіпсіз мекемелерде жазасын өтейтін сотталғанға осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша рұқсат қағазы беріледі. Кездесу кезінде қадағалауды жүзеге асыру тәртібін мекеме бастығы анықтайды. Сотталғанға мекеме аумағынан тыс кездесу орнын өз еркімен тастап кетуге жол берілмейді.

Сотталғанның көтермелеу тәртібі ретінде кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған орташа қауіпсіз мекеменің шегінен тыс жерге мекеме қызметкерлерінің, сондай-ақ ата-аналары, немесе жақын туыстарының еріп жүруімен шығуы мекеме бастығының бұйрығы негізінде жүргізіледі.

Сотталғанға көтермелеу тәртібі ретінде демалыс және мереке күндерін қауіпсіздігі барынша төмен мекемелер шегінен тыс өткізуге рұқсатты қауіпсіздігі барынша төмен мекеме орналасқан елді мекеннің шегінде мекеме бастығының бұйрығы негізінде ұсынылады.

93. Ұзақ мерзімді кездесулер кезінде тұру үшін бөлмелер беру қызметтерін кездесуге келген адамдар не сотталғандар өздерінің жеке қаражаты есебінен төлейді.

94. Кездесу түрлерін ауыстыру сотталғанның жазбаша өтінімі бойынша жүргізіледі.

Ескерту. 94-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 21.05.2019 № 451 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

95. Сотталғандарға заң көмегін алуы үшін олардың өтінімі бойынша адвокаттармен кездесулер олардың санына, ұзақтығына шектеу қоймай, құпиялылығын қамтамасыз ететін жағдайларда беріледі. Сотталғанның қалауы бойынша кездесулер бөлу қоршауынсыз оңаша берілуі мүмкін, ал ӨББА-ға және ӨЖББАА-ға сотталғандарға арнайы жабдықталған бөлмеде беріледі.

Ескерту. 95-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.05.2022 № 342 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

96. Сотталғандардың некесін қию үшін олардың өтінімдері бойынша азаматтық хал актілерін тіркеуге уәкілетті лауазымды тұлғалармен және сотталғанмен некеге тұруға ниет білдірген адаммен қысқа мерзімді кездесулер беріледі.

Ескерту. 96-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 29.09.2020 № 652 (алғаш ресми жариялаған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

97. Осы Қағидалардың 98 және 99-тармақтарында көзделген кездесулер түскі үзіліс уақытын қоспағанда жұмыс уақытында сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін өткізіледі және ҚАК-ның 92, 136, 138, 140, 143, 145, 151-баптарында көрсетілген кездесулер санына есептелмейді.

Ескерту. 97-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 30.04.2025 № 341 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

98. Мекемелерде орналасқан медициналық ұйымдардағы сотталғандарға кездесулер сотталғандарда медициналық жағынан қарсы көрсеткіштер болмаған жағдайда ҚАК-нің 92, 136, 138, 140, 141, 143, 145, 151-баптарында белгіленген нормалар бойынша беріледі.

Ескерту. 98-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.05.2022 № 342 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

99. Жұқпалы аурулар туындауын және таралуын ескерту мақсатында мекемелерде орналасқан медициналық ұйымдардағы сотталғандарға, бактерия бөлетін туберкулезбен ауыратындарға ұзақ мерзімді кездесулер берілмейді.

Ескерту. 99-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.05.2022 № 342 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

100. Кездесулер беру туралы барлық өтінімдер осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кездесулер беру туралы өтінімдерді тіркеу журналында тіркеледі және сотталғандардың жеке ісінің материалдарына тігіледі. Журналды кездесу бөлмесіндегі қадағалау жөніндегі бақылаушы жүргізеді.

Ескерту. 100-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 21.05.2019 № 451 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгермейді – ҚР Ішкі істер министрінің 18.03.2020 № 226 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

**4-Параграф. Бас бостандығынан айыруға сотталғандарға телефон арқылы сөйлесу ұсыну тәртібі**

101. Әлеуметтік байланыстарын сақтау үшін сотталғандарға телефондық сөйлесулер жеке ісінде көрсетілген жақын туыстарымен және өзге де адамдармен олардың өтінімдері бойынша ұсынылады.

Телефон арқылы сөйлесулер, оның ішінде техникалық мүмкіндіктер болған кезде бейнебайланыс жүйесін пайдаланумен, сотталғанның жазбаша өтінімі бойынша беріледі, онда абоненттің мекенжайы, телефон нөмірі және 15 минут сөйлесу ұзақтығы көрсетіледі. Телефон арқылы сөйлесулер сотталғандардың немесе олардың жұбайы ( зайыбы), жақын туыстарының жеке қаражаттары есебінен төленеді. Телефон арқылы сөйлесулер алдында мекеме қызметкері сотталғанды сөйлесу бақыланатыны туралы ескертеді және жеке өзі өтінімде көрсетілген телефонның нөмірін тереді.

Ескерту. 101-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 21.05.2019 № 451 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

102. Телефон арқылы сөйлесулер, оның ішінде техникалық мүмкіндіктер болған кезде бейнебайланыс жүйесін пайдаланумен, сағат 9.00-ден 21.00-ге дейін мекеме бастығы не оны алмастыратын адамның атына сотталғанның жазбаша өтінімі негізінде, кезектілігі және кестеге сәйкес ұсынылады.

Ескерту. 102-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 10.09.2019 № 789 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

103. Жұбайы (зайыбы), жақын туыстарын, сотталғанмен некеде жоқ, онымен ортақ балалары бар адамдарды қоспағанда, мекемелерде ұсталатын сотталғандардың арасында телефон арқылы сөйлесулерге жол берілмейді.

Ескерту. 103-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 21.05.2019 № 451 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

104. Жазаны өтеудің қатаң жағдайларында ұсталатын сотталғандарға, сондай-ақ тәртіптік изоляторға, жалғыз адамдық камераға және уақытша оқшаулау үй-жайларында қамалған сотталғандарға жұбайы (зайыбы), жақын туысы қайтыс болған немесе науқастың өміріне қатер төндіретіндей қатты ауырған, оның отбасына айтарлықтай материалдық залал келтірген дүлей зілзала болған айрықша жағдайларда телефон арқылы сөйлесуге рұқсат беріледі.

Жоғарыда көрсетілген себептер бойынша ерекше мән-жайлардың бары қайтыс болу туралы куәлікпен, медициналық ұйымдардың және жергілікті атқарушы органдардың анықтамаларымен расталады.

Осы телефон арқылы сөйлесулерді ұсынған кезде мекеме әкімшілігі сотталғанның қауіпсіздігін және оқшауланиын қамтамасыз етеді.

Айрықша жеке жағдайларға әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде (жекелеген объектілерде)

шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантин енгізу жатады. Бұл жағдайда жазаны өтеудің қатаң жағдайларындағы, жалғыз адамдық камерадағы, уақытша оқшаулау үй-жайындағы сотталғандарға жақын туыстарымен телефон арқылы сөйлесу айына бір рет беріледі.

ҚР Конституциялық Сотының 27.12.2024 № 60-НҚ нормативтік қаулысымен осы қағидалардың 104-тармағы төмендегідей түсіндірмеде Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келеді деп танылсын: қаралған нормаларда жазылған және сотталғандардың әлеуметтік байланыстарын қолдауға бағытталған телефон арқылы сөйлесу мүмкіндігін беру жағдайларының тізбесі түпкілікті болып табылмайды. Аталған нормалар Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес және Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің 10-бабының 7) және 8) тармақшаларымен, 106-бабының алтыншы бөлігімен және 107-бабының екінші бөлігімен, "Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы" 2018 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 8) тармақшасымен және 45-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларымен өзара байланыста сотталған адамның жазаны өтеудің қатаң жағдайларында болған, сондай-ақ жазалау тәртібімен тәртіптік изоляторда ұсталған кезеңде білікті заң көмегін немесе медициналық көмек алу мақсатында телефон арқылы сөйлесу құқығын шектемейді.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің 109-бабы екінші бөлігінің, 134-бабы бірінші бөлігі 2) тармақшасының және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 17 қарашадағы № 819 бұйрығымен бекітілген Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің ішкі тәртіптеме қағидаларының 104-тармағының ережелерін қолданған кезде оларды өзгеше түсіндіруге жол берілмейді.

Ескерту. 104-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.05.2022 № 342 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

105. Сөйлесулер жүргізу, телекоммуникация құралдарын пайдалану қағидаларын бұзған немесе сөйлесу кезінде этика және мораль нормаларын сақтамаған жағдайда сөйлесулер дереу тоқтатылады.

**7-тарау. Сотталғандарға мекеменің шегінен тыс жерге шығулар беру тәртібі**

Ескерту. 7-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 05.10.2018 № 694 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

106. Мекемелерде ұсталатын сотталғандарға, сондай-ақ қауіпсіздігі аралас мекемеде белгіленген тәртіпте қалдырылған және шаруашылық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды атқару үшін толық қауіпсіз мекемесіне жіберілген сотталғандарға мекеменің шегінен тыс жерге қысқа мерзімге шығуларға рұқсат етіледі.

107. Мекеменің шегінен тыс жерге қысқа мерзімге шығулар жұбайы (зайыбы), жақын туысы қайтыс болған немесе науқастың өміріне қатер төндіретіндей қатты

ауырған, оның отбасына айтарлықтай материалдық залал келтірген дүлей зілзалаға байланысты, бару-қайту жолына қажет (бес тәуліктен аспайтын) уақытты есептемегенде, жеті тәуліктен аспайтын мерзімге беріледі.

Қысқа мерзімді шығуға рұқсат беру туралы өтінішке айрықша жеке мән-жайлардың барын растайтын құжаттар ҚАК-нің 113-бабында көрсетілген: денсаулық сақтау органдарының, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының анықтамалары және берілген жері бойынша ішкі істер органдары куәландырған құжаттар, сотталғанның босатылғаннан кейін еңбекке және тұрмыстық орналасу мәселелерін алдынала шешу үшін берген өтінімге және еңбекке және тұрмыстық орналастыру жөніндегі аға инспектордың дәлелді ұсынымхаты қоса беріледі.

Ескерту. 107-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 29.09.2020 № 652 (алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

108. Мекеменің шегінен тыс жерге ұзақ мерзімге шығулар жыл сайынғы ақылы демалыс уақытына, қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерде жазасын өтеп жатқан сотталғандарға олардың өтінімдері бойынша беріледі.

Ескерту. 108-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 29.09.2020 № 652 (алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

109. Мекемелердің балалар үйлерінде балалары бар сотталған әйелдерге балаларын туған-туыстарына не балалар үйіне орналастыру үшін бару-қайту жолына қажет уақытты есептемегенде, мекеменің шегінен тыс жеті тәулікке дейінгі мерзімге қысқа мерзімге шығуға, ал мекемеден тыс жерде кәмелетке толмаған мүгедектігі бар балалары бар сотталған әйелдерге олармен кездесуі үшін жылына дәл сондай мерзімге бір рет қысқа мерзімге шығуға рұқсат етілуі мүмкін.

Ескерту. 109-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.08.2022 № 676 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

110. Сотталғанның мекеменің шегінен тыс жерге шығуы туралы өтінімі сотталғанның жеке басын және мінез-құлқын ескере отырып, тәуліктік мерзімде мекеме бастығы қарайды.

Мекеменің шегінен тыс жерге шығуға рұқсатты сотталғанның жазбаша өтінімі негізінде мекеме бастығы береді және мекеме бастығының бұйрығымен ресімделеді.

Ескерту. 110-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 29.09.2020 № 652 (алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

111. Ұзақ мерзімге немесе қысқа мерзімге шығуға рұқсат алған сотталғанға осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша куәлік беріледі, шығу тәртібі түсіндіріледі және оған бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеуден жалтарғаны үшін ҚК 427-бабы бойынша қылмыстық жауапкершілігі туралы

ескертіледі, ол туралы осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қолхат беріледі. Шығуға байланысты шығыстарды төлеуге ақшаны сотталғанның жеке қаражатынан, оның жазбаша өтінімі бойынша мекеменің бухгалтериясы береді.

Ескерту. 111-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 29.09.2020 № 652 (алғаш ресми жариялаған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

112. Жол жүру билеттерін сотталған өз бетінше немесе өзге адамдардың көмегімен сатып алады, мұндай мүмкіншілік болмаған жағдайда мекеме әкімшілігі оған көмек көрсетеді.

113. Шығу кезеңінде сотталған өзіне тиесілі азаматтық киімі мен аяқ киімін алады.

114. Сотталған белгіленген жерге келгеннен соң бір тәулік ішінде ішкі істер органдарының кезекші бөліміне, ал ауылдық жерлерде учаскелік полиция инспекторына келеді, куәлігіне келгені туралы белгі жасатады, келу мақсатын, болатын жері мен мерзімін, кететін күнін хабарлайды. Шығу уақыты аяқталғаннан кейін сотталған сол ішкі істер органында куәлігіне мекемеге кеткені туралы белгі қойдырып алады. Мекемеге түнгі уақытта немесе таңертең ерте кететін кезде белгі кететін күннің алдындағы күні қойылады. Келген және кеткен күні туралы белгілер ішкі істер органының мөрімен куәландырылады.

Ескерту. 114-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 05.10.2018 № 694 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

115. Сотталған мекемеге келгеннен кейін куәлігін, жол жүру билеттерін көрсетеді. Сотталғанның белгіленген мерзімде шығуын қиындататын (жеңілдемейтін күш, яғни бұндай жағдайларда төтенше және күтпеген) мән-жайлар туындаған жағдайда, сотталғанның келген жеріндегі ішкі істер органы бастығының қаулысы бойынша бұл туралы мекеме әкімшілігіне міндетті түрде жедел хабарлай отырып, мекемеге кету мерзімі бес тәулікке дейін ұзартылады.

116. Шығу уақытында ауырып қалған және сотталғанды ауруханаға жатқызу қажет болған кезде сотталған не оның ата-анасы немесе жақын туыстары ол туралы сотталғанның жазасын өтеп жатқан мекеменің әкімшілігіне және келген жеріндегі ішкі істер органына дереу хабарлайды. Бұл жағдайда сотталған денсаулық сақтау органдарының ең жақын емдеу мекемесіне жіберіледі. Емдеу аяқталған және шыққан соң сотталған жазасын өтеу орнына келеді.

117. Бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар, денсаулық жағдайына байланысты үнемі күтімге мұқтаж сотталғандардың, сондай-ақ кәмелетке толмаған сотталғандардың жұбайымен (зайыбымен), туысымен немесе өзге еріп жүруші адаммен бірге мекеме шегінен тыс жерге шығуына рұқсат етіледі.

Ескерту. 117-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.08.2022 № 676 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

118. ҚАК-нің 113-бабының 3-бөлігінде көрсетілген сотталғандарға мекеменің шегінен тыс жерге шығулар берілмейді.

## 8-тарау.Сотталғандардың қатаң жағдайларда жазасын өтеу тәртібі, сотталғандарды тәртіптік изоляторларда, жалғыз адамдық камераларда және уақытша оқшаулау үй-жайларында, қауіпсіз орында, мекемелердегі камераларда ұстау шарттары

Ескерту. 8-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 05.10.2018 № 694 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### 1-Параграф. Сотталғандардың қатаң жағдайда жазасын өтеуі

119. Жазасын қатаң жағдайда өтеп жатқан сотталғандардың тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті заттарды сатып алуы, оларға кездесулер, сейілдеулер, телефон арқылы сөйлесулер беру ҚАК-нің 109, 136, 138, 140, 143, 145, 146, 151-баптарында көзделген.

Ескерту. 119-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 30.04.2025 № 341 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

120. Қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерді қоспағанда қатаң жағдайда жазасын өтейтін сотталғандар тұратын үй-жайлар санитарлық-гигиеналық нормалар мен талаптарды сақтай отырып, коммуналдық-тұрмыстық объектілердің толық кешенімен жабдықталады. Сотталғандар мекемеде жазасын өтейтін адамдардың негізгі бөлігінен оқшау ұсталады.

121. Қатаң жағдайда жазасын өтейтіндер тұратын үй-жайларды санитарлық тазартуды онда ұсталатын сотталғандар жасақ бастығы бекіткен кесте бойынша жүргізіледі.

Ескерту. 121-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 05.10.2018 № 694 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

122. Жалпы білім беретін және кәсіптік мектептерде оқитын адамдар жазасын қатаң жағдайда өтеу кезеңінде сабаққа шығарылмайды. Оларға өз бетінше оқу және оқытушылардан кеңес алу мүмкіндігі беріледі.

123. Мәдени-бұқаралық іс-шаралар, еңбекке пайдалану, тамақтану, медициналық тексеру, санитарлық тазарту, амбулаториялық жағдайларда медициналық көмек көрсету, сотталғандарды жеке мәселелері бойынша қабылдау олардың тұратын жері бойынша ұйымдастырылады.

Ескерту. 123-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.05.2022 № 342 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

123-1. Қатаң жағдайда жазасын өтейтін сотталғандар тек сейілдеу кезінде ғана темекі тартады. Сотталғандарға тиесілі темекі бұйымдары, оттықтар мен сіріңкелер осы үй-жайдағы сақтау камерасында арнайы жабдықталған шкафта (жәшікте) сақталады.

Ескерту. 1-параграф 123-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ішкі істер министрінің 05.10.2018 № 694 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**2-Параграф. Сотталғандарды тәртіптік изоляторларда, жалғыз адамдық камераларда және уақытша оқшаулау үй-жайларында ұстау шарттары**

124. Тәртіптік изоляторда, жалғыз адамдық камерада және уақытша оқшаулау үй-жайларында ұстау мерзімі аталған үй-жайға қамау күнінен бастап есептеледі.

Жазалау тәртібінде жалғыз адамдық камераларға ауыстырылған немесе тәртіптік изоляторға, уақытша оқшаулау үй-жайларына жабылған сотталғандарға шай, сүлгі, сабын, тіс тазалайтын ұнтақ, паста, тіс щеткасы, мерзімдік басылым баспалары мен кітаптардан басқа, өздерінде бар тамақ өнімдерін, жеке заттарын өздерімен бірге алуға жол берілмейді.

Кәмелетке толмағандарды қоспағанда, сотталғандарға өздерімен бірге темекі бұйымдарын және сіріңкелер алуға рұқсат етіледі.

Жалғыз адамдық камераларда, тәртіптік изоляторда ұсталатын сотталғандар тек сейілдеу кезінде темекі тартады. Сотталғандарға тиесілі шай, темекі бұйымдарын мен сіріңке тәртіптік изолятор мен жалғыз адамдық камералардың үй-жайлардағы сақтау камерасында арнайы жабдықталған шкафта (жәшікте) сақталады. Шай ас таратылатын уақытта ыстық сумен бірге беріледі. Ыдыс тамақтанудан кейін камерадан алынады. Темекі бұйымдарын және сіріңке күн тәртібіне сәйкес сотталғандарды сейілге шығару кезінде беріледі.

Ескерту. 124-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 05.10.2018 № 694 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

125. Сотталғандардың тамақ өнімдері қоймаға тапсырылады және олар жазалау шараларын өтегеннен кейін беріледі. Табиғи салдардан сотталғандардың тамақ өнімдері бұзылса мекеме әкімшілігі комиссиялық түрде акт жасайды (ерікті нысанда) және олар жойылады.

126. Сотталғандарды тәртіптік изоляторларға, жалғыз адамдық камераларға және уақытша оқшаулау үй-жайларына қабылдау кезінде олар толық тінтуден өткізіледі, содан соң осы үй-жайларға бекітілген киімдерді киеді.

Ескерту. 126-тармақтың қазақ тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізілмейді – ҚР Ішкі істер министрінің 05.10.2018 № 694 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

127. Жалғыз адамдық камераларда ұсталатын сотталғандарға өздерімен бірге оқулықтар, қарындаштар, автоқаламсаптар, стерженьдер, дәптерлер, пошта маркаларын , ашық хаттар, конверттер ұстауға, кітапхананы пайдалануға, кітаптар, газет және журналдар жаздырып алуға рұқсат етіледі.

128. Жалпы білім беретін және кәсіптік мектептерде оқитын адамдар тәртіптік изоляторларда, жалғыз адамдық камераларда және уақытша оқшаулау үй-жайларында болған кезеңде сабаққа шығарылмайды. Оларға өз бетінше оқу және оқытушылардан кеңес алу мүмкіндігі беріледі. Кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған орташа қауіпсіз мекеменің тәртіптік изоляторларында ұсталатын сотталғандар тәртіптік изолятордың үй-жайында орналасқан оқу сыныптарына сабақтар шығарылады.

129. Сотталғандар жалғыз адамдық камералардан режимді бұзғаны үшін тәртіптік изоляторларға ауыстырылған кезде олардың тәртіптік изоляторларда ұсталған мерзімі жалғыз адамдық камераларда ұстау мерзіміне есептелмейді. Сотталған тәртіптік изоляторда отырып жазаны өтеудің қылмыстық-атқару заңнамаларында белгіленген жазаны өтеу тәртібін өрескел бұзғаны үшін жалғыз адамдық камераға ауыстырылған жағдайда, жалғыз адамдық камераларда ұстау мерзімі тәртіптік изолятордағы жазасын өтегеннен кейін есептеледі.

130. Тәртіптік изоляторларда, жалғыз адамдық камераларда және уақытша оқшаулау үй-жайларында ұсталатын сотталғандардың жуынуы, әдетте, жабдықталған душ қабылдау бөлмелерінде бекітілген кесте бойынша жүзеге асырылады.

131. Тәртіптік изоляторларда, жалғыз адамдық камераларда және уақытша оқшаулау үй-жайларында ұсталатын сотталғандарды медициналық тексеру және амбулаториялық жағдайларда медициналық көмек арнайы жабдықталған үй-жайда жүзеге асырылады. Санитарлық тазарту басқа сотталғандардан бөлек жүргізіледі. Науқас сотталғандар медициналық көрсеткіштері бойынша жеке камераларға орналастырылады.

Ескерту. 131-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.05.2022 № 342 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

132. Тәртіптік изоляторларға қамалған, жалғыз адамдық камераларға және уақытша оқшаулау үй-жайларына ауыстырылған сотталғандарға төсек-орын жабдықтары тек ұйқы кезінде беріледі. Үй-жайдың шегінен тыс жерге шығарылған кезде оларға маусым бойынша киім беріледі.

133. Тәртіптік изоляторлардың және уақытша оқшаулау үй-жайларының камераларында кезекшілік және тазалау жұмыстары кезек бойынша әрбір сотталғанға, ал жалғыз адамдық камераларда онда ұсталатын адамдарға жүктеледі. Сотталғандардың кезекшілігі осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тәртіпте қамтамасыз етіледі.

Ескерту. 133-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 05.10.2018 № 694 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

134. Сотталғандарды, қасақана өз-өзіне қандай да бір зақым келтіру немесе ауруын сылтауратумен байланысты емес себептер бойынша тәртіптік изоляторлардан, жалғыз адамдық камералардан және уақытша оқшаулау үй-жайларынан мекемелерде орналасқан медициналық ұйымдарға ауыстырған жағдайда, олардың мекемелерде орналасқан медициналық ұйымдарда болу мерзімі жазаны өтеу мерзіміне есептеледі.

Ескерту. 134-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.05.2022 № 342 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

135. Сотталғандарды тәртіптік изоляторлар мен жалғыз адамдық камералардан медициналық көрсеткіштер бойынша немесе прокурордың талабы бойынша жүргізілген жағдайлардан басқа кездерде, мерзімінен бұрын босатуға жол берілмейді. Кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған орташа қауіпсіз мекемелердің тәртіптік изоляторларында ұсталатын сотталғандар көтермелеу түрінде мерзімінен бұрын босатылуы мүмкін.

136. Мекеме бастығы болмаған кезде жасалған қылмыстың немесе режимді өрескел бұзудың жолын кесу мүмкін болмаса, сотталғандар кезекшінің қаулысы бойынша мекеме бастығы келгенше, бірақ 24 сағаттан аспайтын уақытқа тәртіптік изоляторларға және уақытша оқшаулау үй-жайларына орналастырылуы мүмкін. Бұндай оқшаулау тәртіптік жазалау болып табылмайды.

**3-Параграф. Сотталғанды қауіпсіз орынға ауыстыру**

137. Сотталғандар мен басқа да адамдар тарапынан сотталғанның жеке басына қарсы қылмыстық құқық бұзушылық жасау қатері туындаған кезде, сотталған осындай қатер төнбейтін қауіпсіз орынға ауыстыру туралы мекеме әкімшілігіне жазбаша жүгінуге құқылы. Бұл жағдайда, мекеме бастығы сотталғанды қауіпсіз орынға ауыстыру бойынша шараларды дереу қабылдайды қолданады.

Бұндай қатер төнудің пайда болуын анықтаған жағдайда, мекеме әкімшілігі оны немесе қатер көзін қауіпсіз орынға ауыстыру бойынша шұғыл шараларды және олардың келісіміне қарамастан, сотталғанның жеке басына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықты жасау мүмкіншілігін жоятын басқа да шараларды қабылдайды.

Мекеме бастығы болмаған жағдайда, мекеме бастығы келгенше сотталғанды қауіпсіз орынға ауыстыру туралы шешімді кезекші қабылдайды.

138. Сотталғанды мекеме бастығының немесе жазаны орындайтын органның қаулысы бойынша 30 тәулікке дейінгі мерзімге, шұғыл жағдайларда бастық келгенше кезекші, бірақ 24 сағаттан аспайтын мерзімге қауіпсіз орынға ауыстырады. Қауіпсіз орынға ауыстыру туралы қаулының көшірмесі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей прокурорға жолданады.

Ескерту. 138-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 18.03.2020 № 226 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

139. Қажет болған жағдайда аталған мекемеде заңдылықтың сақталуын қадағалауды жүзеге асыратын прокурордың келісімімен қауіпсіз орында ұстау мерзімі отыз тәулікке дейін ұзартылуы мүмкін. Сотталғанды қауіпсіз орынға ауыстыру жазалау болып табылмайды.

140. Осы мекемеде сотталғанның жеке басының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүмкін болмаған жағдайда, мекеме бастығы сотталғанды басқа мекемеге оның жазасын одан әрі өтеу үшін жіберу (сотталғанның жеке басына қатер төндіретін адамды ауыстыру) бойынша шешім қабылдайды.

141. Жалпы білім беретін және кәсіптік мектептерде оқитын адамдар қауіпсіз жерде болу кезінде сабаққа шығарылмайды. Оларға өз бетінше оқу және оқытушылардан кеңес алу мүмкіндігі беріледі.

142. Мекеме бастығы қауіпсіздік шараларын қолдану туралы шешім қабылдайтын және қылмыстық сот ісін жүргізудің қатысушысы болып табылатын сотталған адамға қатысты қауіпсіздік шараларын жүзеге асыратын органдарға көмек көрсетеді.

143. Қауіпсіз орын ретінде тәртіптік изоляторлардың және уақытша оқшаулау үй-жайларының камералары пайдаланылуы мүмкін, онда сотталған оны қауіпсіз орынға ауыстырғанға дейін белгіленген ұстау жағдайларында болады.

**4-Параграф. Сотталғандарды мекемелердің камераларында ұстау жағдайлары**

144. Ұстаудың камералық жағдайында бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеудің ерекшеліктері ҚАК-нің 146-148-баптарында белгіленген.

145. Ұстаудың камералық жағдайындағы мекемелеріне сотталғандарды қабылдау осы Қағидалардың 2-тарауының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

146. Сотталғандар мекеменің камераларына ҚАК-нің 115-бабының 1-тармағында белгіленген тұрғын алаңы нормаларына сәйкес орналастырылады. Мекеменің әрбір камерасы жеке жатын орындарымен, киімге, ішкиімге және ыдысқа арналған шкафтармен, радионүкте, санитариялық тораппен және қолжуғышпен жабдықталады. Әрбір корпус монша қондырғыларымен және душтармен жабдықталады.

147. Камералық ұстау мекемесіне келген сотталғандарды кезекші немесе оның орынбасары жедел бөлініс қызметкерінің және психологтың келісімі бойынша карантин бөлімшесінің камераларына орналастырады. Карантинде болудың белгіленген мерзімі аяқталғаннан кейін сотталғандарды мекеме комиссиясы камералар бойынша бөледі. Бірге қылмыс жасаған, сондай-ақ туыстық байланыстары бар сотталғандар жеке (бөлек корпустарға) орналастырылады. Мекеме әкімшілігі олардың арасында байланыстарды болдырмау бойынша шаралар қабылдайды.

Террористік немесе экстремистік қылмыстар үшін сотталғандарды қоспағанда күш қолданумен байланысты емес қылмыстар үшін сотталғандар бөлек ұсталады.

Ескерту. 147-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 05.02.2020 № 82 ( алғаш ресми жариялаған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

148. Камераларда ұсталатын сотталғандардың телебағдарламаларды көруі және радиобағдарламаларды тыңдауы, мекеменің кітапханасынан алынған көркем және өзге әдебиетті қолдану жұмыстан бос уақытта және күн тәртібінде түнгі демалуға бөлінген уақыттан басқа, міндетті бұқаралық іс-шаралар кезінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 148-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 21.05.2019 № 451 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

149. Мекемелерде құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету үшін тергеу изоляторларына ауыстырылған, оларға ұстау жағдайларына қарамастан күнделікті ұзақтығы бір жарым сағаттық сейілге шығу құқығы берілетін сотталғандарды қоспағанда, мекеменің камераларында ұсталатын сотталғандардың сейілге шығулары ҚАК-нің 111, 134, 138, 140, 145, 146, 150-баптарына сәйкес жүргізіледі.

Ескерту. 149-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 30.04.2025 № 341 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

150. Камерадан шығару және камераға қамау кезінде сотталғандар толық емес тінтуден өткізіледі. Сотталғандардың сатуына және пайдалануына тыйым салынған заттарды, бұйымдарды, заттектерді, құжаттар мен тамақ өнімдерін, қашуға дайындалуға арналған нәрселерді анықтау мақсатында камераларды тексеру жүргізіледі, сондай-ақ құлыптардың, терезе торларының және басқа да жабдықтардың дұрыстығы тексеріледі.

151. Мекемелердің камераларында сотталғандарды тексеру корпустарда тексеру карточкалары бойынша жүргізіледі.

152. Сотталғандардың жеке гигиена заттарын қоспағанда, жеке заттары сақтау камераларына тапсырылады. Сотталғандарға тиесілі темекі бұйымдары мен сіріңке, оттықтар сақтау камераларындағы арнайы жабдықталған шкафтарда (жәшіктерде) сақталады. Сотталғандардың сақтау камераларынан заттарын және тамақ өнімдерін алуы бекітілген кестеге сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 152-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 31.08.2016 № 872 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

153. Сотталғандардың медицина қызметкерінің қабылдауына (медициналық қарап-тексеруге) алдын ала жазылуы сотталғандардың өтініші бойынша бақылаушылар қызметі кезекшілікті қабылдау-тапсыру және сотталғандарды салыстырып тексеру кезінде жүзеге асырылады.

Емдеуге жатқызу кезінде сотталған стационарлық жағдайда медициналық көмек алу үшін мекемеде орналасқан медициналық ұйымға ауыстырылады. Мекемеде орналасқан медициналық ұйымда медициналық бұйымдардың және (немесе) тиісті біліктілігі бар мамандардың болмауына байланысты медициналық көмек көрсету мүмкін болмаған жағдайда, сотталған өзге тиісті медициналық ұйымға емдеуге жатқызылады.

Ескерту. 153-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.05.2022 № 342 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

154. Сотталғандарға темекі шегуге осы мақсаттарға арналған арнайы орындарда ғана рұқсат етіледі.

## 9-тарау. Өмір бойына бас бостандығынан айыруға және өлім жазасы түріндегі жазасы кешірім жасау тәртібімен немесе өлім жазасын жоятын заңның қолданылуына байланысты бас бостандығынан айыруға ауыстырылған сотталғандардың, сондай-ақ қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерде ұсталатын сотталғандардың жазаны өтеу ерекшеліктері

Ескерту. 9-таураудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.05.2022 № 342 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### 1-параграф. Өмір бойына бас бостандығынан айыруға және өлім жазасы түріндегі жазасы кешірім жасау тәртібімен немесе өлім жазасын жоятын заңның қолданылуына байланысты бас бостандығынан айыруға ауыстырылған сотталғандардың жазаны өтеу ерекшеліктері

Ескерту. 1-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.05.2022 № 342 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

155. ӨББА-ға және ӨЖББАА-ға сотталғандар:

1) мекеменің аумағы бойынша міндетті еріп жүрумен және қолына артқы жағынан тағылған қол кісендерімен, сондай-ақ көзіне киілген селдір емес материалдан жасалған таңғышпен (сейілдеу алаңдарында, монша бокстарында, тұрғын және жұмыс камераларында болу уақыттарынан басқа) алып жүргізіледі;

2) осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес ӨББА-ға және ӨЖББАА-ға сотталғандарға камераларда ұстауға рұқсат берілген Заттар мен нәрселердің тізбесіне сәйкес заттар мен нәрселерді камераларда сақтайды;

3) мекеменің кітапханасынан алынған көркем және өзге әдебиетті пайдаланады.

Ескерту. 155-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.05.2022 № 342 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

156. Жазаны өтеу кезеңінде қылмыс жасаған ӨББА-ға және ӨЖББАА-ға сотталғандар тергеу изоляторына ауыстырылмайды. Тергеу амалдары жазаны өтеу орны бойынша жүргізіледі.

Ескерту. 156-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.05.2022 № 342 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

